

«Бекітілді»

ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК директоры

 Р. Емелбаев

« ___ » _____ 2023 ж.

Орта білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау кезінде білім алушыларды кешенді тестілеуге арналған «Математика» пәні бойынша тест спецификациясы (4-сынып)
(оқыту қазақ және ұлттық тілдерде жүргізілетін мектептер үшін)

(2023 жылдан бастап қолдану үшін)

Тест мақсаты: «Математика» пәні бойынша 4-сынып оқушыларының бастауыш білім берудің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сәйкес оқыту нәтижелерін бағалау.

Тест міндеті: бастауыш білім беру ұйымдарын бағалау кезінде оқушылардың білімдерін, іскерліктері мен дағды деңгейлерін анықтау.

Тест мазмұны

«Математика» пәні бойынша тест мазмұны жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес.

№	Бөлім		Тақырып
01	Сандар мен шамалар	01	Натурал сандар және 0 саны. Көптаңбалы сандардың нумерациясы. Бөліктер және бөлшектер.
02	Алгебра элементтері	02	Үштаңбалы сандарды қосу және азайту. Көптаңбалы сандарды қосу және азайту
		03	Екі/үштаңбалы сандарды бір (екі/үштаңбалы) санға көбейту және бөлу.
		04	Амалдардың орындалу тәртібі
		05	Теңдеулер. Әріпті өрнектер
		06	Уақыт, ұзындық, аудан, масса, көлем өлшем бірліктері
03	Геометрия элементтері	07	Геометриялық фигуралар және олардың классификациясы
		08	Периметр. Аудан. Көлем
04	Жиындар. Логика элементтері	09	Комбинаторлық және логикалық есептер
05	Есептер	10	Есептер бір заттың массасы, саны, жалпы масса/ бір затқа жіберілген шығын, заттардың саны, жалпы шығын
		11	Жанама сұрақтары болатын («бірнеше бірлік артық/ кем» «бірнеше есе артық/кем» қатынастарымен байланысты)
		12	Кездесу қозғалысына, қарама-қарсы бағыттағы қозғалысқа, бір бағыттағы қуып жету және қалып қою қозғалыстарына берілген есептер
		13	Пропорционал бөлуге берілген есептер. Екі айырма бойынша белгісізді табуға берілген, өнімділікке берілген, бірлескен жұмысқа, түсімділікке берілген есептер

		14	Бүтіннің бөлігін (бөлігі бойынша бүтінді) табуға берілген есептер. Пайыз
06	Математикалық модель	15	Есепті кесте, сызба, сызықтық/бағандық диаграмма, сызба, қысқаша жазба, алгоритм, дөңгелек диаграмма, график түрінде модельдеу
07	Контекст	16	Контекст негізіндегі тест тапсырмалары

Тапсырма мазмұнының сипаттамасы

Сандар мен шамалар: көптаңбалы сандар, натурал сандар қатарындағы санның орны, көптаңбалы сандарды оқу, жазу, салыстыру және дөңгелектеу, көптаңбалы сандардың разрядтық және кластық құрамы, разрядтық қосылғыштардың қосындысы, миллион, бөлшектер, аралас сандар, пайыз, көптаңбалы сандарды қосу және азайту/ көбейту және бөлу, көптаңбалы сандарды қалдықпен бөлу, шамалар және өлшем бірліктері, шамаларды өлшеу, шетелдік және ұлттық валюта;

Алгебра элементтері: сандық және әріптік өрнектер, жақшалы/ жақшасыз өрнектерде амалдардың орындалу тәртібі, қуып жету қозғалысы мен бір бағыттағы қалып қою қозғалысына байланысты формулалар, сандарға қалдықпен бөлу формуласы, теңдіктер мен теңсіздіктер, теңдеулер/ қос теңсіздіктер, теңдеулерді шешу;

Геометрия элементтері: геометриялық фигуралар және олардың жіктелуі, тікбұрышты үшбұрыш, куб, тікбұрышты параллелепипед және оның элементтері, үшбұрыштардың жіктелуі, тікбұрышты параллелепипедтің көлемі, фигуралардың аудандары, перпендикуляр түзулер, симметрия осі, симметриялы және симметриялы емес жазық фигуралар, нүктелер координаталары және қозғалыс бағыты, нысандардың қозғалыс сызбалары, бастапқы орын және бағыт;

Жиындар. Логика элементтері: жиындар және оларға амалдар қолдану, жиындар арасындағы қатынас, жиындардың қиылысуы мен бірігу аймақтары, логикалық есептер, тізбектер, сандар, бөлшектер тізбектеріндегі заңдылықтар, тізбектерді құрастыру, заттардың комбинациялары, комбинаторика есептері;

Математикалық модельдеу: есептер және математикалық модель, есептердің алгебралық және арифметикалық тәсілдері, пайызды % символымен белгілеуді қолдану, қозғалыс графиктері, сызбалары.

Тест тапсырмаларының формалары

Жабық формадағы бір дұрыс жауапты

Тест тапсырмаларының саны

Тесттің бір нұсқасындағы тапсырмалар саны – 15: бір дұрыс жауапты 12 тест тапсырмасы, контекст негізінде бір дұрыс жауапты 3 тест тапсырмасы.

Тест 3 қиындық деңгейінде берілген тапсырмалардан тұрады: базалық деңгейде – 50%, орташа деңгейде – 30%, жоғары деңгейде – 20%.

Тест тапсырмаларын орындау уақыты

Тест тапсырмасының орындалу уақыты – 1,5 – 2 минут.

Жеке тест тапсырмаларының және барлық тесттің орындалуын бағалау

Дұрыс орындаған бір дұрыс жауапты тест тапсырмасы үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаса – 0 балл. Барлығы – 12 балл.

Контекст негізінде дұрыс орындалған бір дұрыс жауапты тест тапсырмасы үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаса – 0 балл. Барлығы – 3 балл. Максималды балл – 15.